

ФИЛОЛОГИЯ

ӘОЖ 81 (091); 81(092); МҒТАР 16.01.07
<https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.01>С. УТЕБЕКОВ *PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: senbek.utebekov@ayu.edu.kz***«ДИУАНИ ХИКМЕТТІҢ» ТІЛДІК ЖӘНЕ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
ЖАЙЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ҒЫЛЫМИ ТҰЖЫРЫМДАР**

Аңдатпа. Мақалада автор түркі халықтарының ортақ мұраларының бірі саналатын «Диуани хикметтің» тілдік және стильдік ерекшеліктері жайындағы отандық және алыс-жақын шетелдерде жарық көрген зерттеулер мен ғылыми тұжырымдарға талдау жүргізеді. Атап айтқанда, А. Вамбери, Ә. Нажип, Т. Менцел, Е. Бертельс, А.К. Боровков, А.Н. Кононов, Н. Баскаков, Ф.М. Көпрүлү, Э. Рустамов, Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томанов, К. Эраслан, М. Оразов, Ғ. Мұсаев, А. Гүзел, Р. Сыздықова, Л. Кадырова, А. Мухтаров, У. Санақұлов, У. Турсунов, Б. Урунбоев, А. Алиев секілді көптеген ғалымдардың Ясауи хикметтерінің тілдік ерекшеліктеріне байланысты пікір-көзқарастарына ғылыми тұрғыдан талдау жасайды. Алдымен «Диуани хикметтің» түркі тілдерінің қай бұтағына жатады деген мәселеге байланысты ғалымдар арасында сан алуан пікірлердің барын айта келе, бұл пікірлердің бір-біріне қарама-қайшы болуының негізгі себебін ескерткіштің нұсқаларының тым көптігімен және нұсқалардың мазмұндық, сондай-ақ тілдік ерекшеліктері жағынан бір-бірінен айырмашылығының болуымен байланыстырады. Одан соң Қожа Ахмет Ясауидің тұсында хатқа түскен «Диуани хикмет» нұсқасының күнімізге жетпеуі де ғалымдар арасында түрлі пікір айтуға себеп болып жүргенін тілге тиек етеді. Осы аралықта автор Ясауи хикметтері көне түрік тілінде немесе Қарахан дәуірінде жазылған деген пікірлердің негізсіздігін, сондай-ақ қазіргі түркі тілдерінің біріне немесе бір бұтағына теле салудың да сол тілдің немесе тілдер тобының кейбір ерекшеліктерін естен шығарып алудың салдары деген пікір білдіреді. Осыған байланысты ғалымдардың ой-пікірлері мен тұжырымдарына қосылатындығын немесе қарсылығын білдіру барысында өз ойын дәлелдеп көрсету үшін «Диуани хикметке» тән кейбір фонетикалық, морфонологиялық және лексика-грамматикалық ерекшеліктерді түркі халықтарының көне ескерткіштеріндегі және қазіргі түркі тілдеріндегі қолданыстарымен салыстырып, нақты мысалдарды негізге алады.

Кілт сөздер: Қожа Ахмет Ясауи, Диуани хикмет, тілдік ерекшеліктер, ғылыми тұжырымдар, шағатай тілі, қазіргі түркі тілдері, көне түркі тілі.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Утебеков С. «Диуани хикметтің» тілдік және стильдік ерекшеліктері жайындағы зерттеулер мен ғылыми тұжырымдар // *Ясауи университетінің хабаршысы.* – 2023. – №3 (129). – Б. 7–23. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.01>

***Cite us correctly:**

Utebekov S. «Diواني hikmettin» tildik jane stildik erekshelikleri jaiyndagy zertteuler men gylymi tujjrymdar [Research and Scientific Conclusions about the Linguistic and Stylistic Features of the Work ‘Divan-i Hikmet’] // *Iasauı universitetinin habarshysy.* – 2023. – №3 (129). – В. 7–23. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.01>

S. Utebekov

*PhD, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: senuteb@gmail.com*

Research and Scientific Conclusions about the Linguistic and Stylistic Features of the Work ‘Divan-i Hikmet’

Abstract. In this article, the author analyzes local and foreign publications of research and scientific data on the linguistic and stylistic features of the work of Divani-i Hikmet, which is considered one of the common heritages of the Turkic peoples. In particular, he analyzes the views of scientists such as A. Vamberi, A. Nazhip, T. Mentsel, E. Bertels, A.K. Borovkov, A.N. Kononov, N. Baskakov, F.M. Koprulu, E. Rustamov, G. Aidarov, A. Kurushzhanov, M. Tomanov, K. Eraslan, M. Orazov, G. Musaev, A. Guzel, R. Syzdykova, L. Kadyrov, A. Mukhtarov, U. Sanakulov, U. Tursunov, B. Urunboev, A. Aliyev about linguistic features of hikmets. Initially, having considered the divergence of opinions regarding which branch of the Turkic languages the “Divan-I Hikmet” belongs to, the author connects this connection with the large number of versions of the monument and the fact that the versions differ from each other in content and language. Further, he notes the fact that the version of “Divan-I Hikmet”, written under Khoja Ahmed Yassawi, did not reach our days, caused controversy among scientists. Meanwhile, the author believes that the allegations that Yasawi’s hikmets were written in the ancient Turkic language or in the Karakhanid period are unfounded, and the construction of one or another branch of the modern Turkic language is the result of forgetting some features of this language or language groups. In this regard, in order to prove or disagree with the views and conclusions of some scientists, expressing his opinion, basing himself on concrete examples, he compared some phonetic, morphological and lexical and grammatical features of Divani-i Hikmet with their use in ancient monuments and modern Turkic languages.

Keywords: Khoja Ahmet Yasawi, Divan-i Hikmet, language features, scientific concepts, Chagatai language, modern Turkic languages, old Turkic languages.

С. Утебеков

*PhD, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: senuteb@gmail.com*

Исследования и научные выводы о языковых и стилистических особенностях произведения «Диван-и Хикмет»

Аннотация. В данной статье автор анализирует местные и зарубежные публикации исследований и научных данных о языковых и стилистических особенностях произведения Диван-и Хикмет, который считается одним из общих достояний тюркских народов. В частности анализирует взгляды ученых, таких как А. Вамбери, А. Нажип, Т. Менцел, Э. Бертельс, А.К. Боровков, А.Н. Кононов, Н. Баскаков, Ф.М. Копрулу, Э. Рустамов, Г. Айдаров, А. Курышжанов, М. Томанов, К. Эраслан, М. Оразов, Г. Мусаев, А. Гузель, Р. Сыздыкова, Л. Кадыров, А. Мухтаров, У. Санакулов, У. Турсунов, Б. Урунбоев, А. Алиев о языковых особенностях хикметов. Изначально рассмотрев расхождение мнений относительно того, к какой ветви тюркских языков относится «Диван-и хикмет», автор связывает это в связи с имеющимся большим количеством версий памятника и тем, что версии отличаются друг от друга по содержанию и языку. Далее отмечает факт, что версия «Диван-и Хикмет», написанная при Ходже Ахмеди Ясави не дошла до наших дней, вызвал споры среди ученых. Между тем, автор считает, что утверждения о том, что хикметы Ясави

были написаны на древнетюркском языке или в караханидский период, необоснованы, а построение того или иного ответвления современного тюркского языка является следствием забвения некоторых особенностей этого языка или языковой группы. В связи с этим чтобы доказать или не согласиться с взглядами и выводами некоторых учёных выражая своё мнение он обоснуясь на конкретных примерах сопоставил некоторые фонетические, морфологические и лексико-грамматические особенности Диван-и Хикмет с их употреблением в древних памятниках и современных тюркских языках.

Ключевые слова: Ходжа Ахмет Яссави, Диван-и Хикмет, языковые особенности, научные выводы, чагатайский язык, современные тюркские языки, древнетюркский язык.

Кіріспе

Түркі мәдениеті мен руханиятында ерекше із қалдырған тұлғалардың бірі Қожа Ахмет Ясауи XI–XII ғасырда өмір сүргенімен оның хикметтерінің жазылу тарихы қолымыздағы нұсқаларға қарағанда XVII ғасырдан ары кетпейді. Әрине XVI ғасырда (1509–1510 жж.) жазылған парсы тарихшысы Фазлуллах ибн Рузбиханның [1, 44-б.], [2, 429-б.] және орыс саяхатшысы А.В. Гордлевскийдің еңбектері арқылы [3, 213-б.] Ясауи хикметтерінің өте көне нұсқалары жайында мәлімет алуға болады. Дегенмен қолымыздағы деректерге сүйенсек, әлемнің түрлі елдерінде төрт жүзден аса нұсқасы сақталған [5, 388-б.] «Диуани хикметтің» жазылған уақыты нақты берілген ең көне нұсқасы Мысырда көрінеді. Түрік ғалым Мехмет Махұр Тұлұм тарапынан ғылым әлеміне таныстырылған бұл қолжазба хижра бойынша 1061 (б.ж.с. 1650) жылы хатқа түсірілген [4].

Ең ескі нұсқаларының тағы бірі Стамбул қаласындағы Ахмет Вефик Паша кітапханасында сақталған. Бұл қолжазба Фуад Көпрүлүннің дерегінше 1693 жылы хатқа түсірілген [6, 121-б.]. Осындай деректерге сүйене отырып, «Диуани хикметтің» күнімізге жеткен нұсқалары Қожа Ахмет Ясауи жолын ұстанған кісілер тарапынан немесе осындай кісілердің ұсынысымен хатқа түсірілген деген ой қорытуға жетелейді. Бірақ оның нұсқалары ақынның өз қолжазбасынан көшірілді ме, ғасырлар бойы халық жадында сақталып келіп, кейін хатқа түсірілді ме ол жағы беймәлім.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Негізгі мақсат-міндетіміз «Диуани хикметтің» тілдік ерекшеліктері жайындағы ғылыми-зерттеулерге шолу жасап, ғылыми тұжырымдарды ортаға салу болғандықтан мақаламыздың тақырыбы қандай да бір жаңалық болып қосылмайтыны белгілі. Алайда біз саралағалы отырған еңбектердің алғашқылары сол XIX ғасырда жазылғанын ескерсек, бұл еңбектерге өзіміз өмір сүріп жатқан дәуірдің ғылымының көкжиегінен қарай отырып талдар болсақ, бірталай мәселенің төңірегінде сөз қозғауға болатын секілді.

Ал бүгінгі мақаламызда түркі мәдениетіне негізделген исламның қайнар көзі «Диуани хикметтің» тілдік ерекшеліктеріне байланысты зерттеулерге, көзқарастар мен тұжырымдарға, дереккөздеріне талдау жасап, салыстырмалы түрде өз пайымдарымызды ортаға салатын боламыз. Жалпы «зерттеу», «көзқарас», «тұжырым» деп бөлуіміздің астарында «Диуани хикметтің» тілдік ерекшеліктеріне байланысты пікірлердің ғылымилығын былай қойғанда зерттеу деңгейі жағынан әртүрлі болып келетінін еске салу жатыр. Кейбір ғалымдар «Диуани хикмет» жайында жалпы мәлімет беру кезінде тілдік ерекшеліктері жайында атап өткенімен, нақты мысалдармен дәлелдемейді. Ал енді бір ғалымдардың пікірлері терең зерттеу мен зерделеудің, салыстыру мен салғастырудың нәтижесінде көз жеткізілген тұжырымдардан тұрады. Мақалада бұл көзқарастар мен ізденістерді типологиялық жақтан топтастырудан гөрі авторлардың өмір сүрген және

олардың еңбектерінің жазылған жылдарына қарай хронологиялық саты бойынша баяндауды жөн санап отырмыз.

Талдау мен нәтижелер

Қожа Ахмет Ясауи және оның еңбектеріне, сондай-ақ Қожа Ахмет Ясауидің тариқатына, іздеріне байланысты жазылған еңбектердің санын нақты айту мүмкін емес. Тіпті, бұл тақырыпқа байланысты Түркияның бірнеше зерттеушісінің библиографиялық көрсеткіші жарық көргенін айтуға болады. Соңғы отыз жылдықтағы Ясауиге байланысты терең зерттеулердің нәтижесінде жарыққа шыққан еңбектерді былай қойғанда, 1995 жылдың өзінде Түркияның «Bir Türk Dünyası İncelemeleri» атты ғылыми журналында Эрхан Айдын атты танымал түркологтың Ясауиге байланысты кітаптардан, мақалалар мен ғылыми баяндамалардан тұратын жиырма жеті беттік көрсеткіші жарық көрген [7, 7–34-бб.]. Ал соңғы жылдары «Turkish Studies» журналында Биргүл Бозкурттың «Ahmed Yesevi Bibliyografyasi: Türkiye’de Yesevi ile İlgili Çalışmalara Dair Değerlendirmeler» (Түркиядағы Ясауи жайындағы зерттеу еңбектеріне шолу) атты елу екі беттен тұратын библиографиялық көрсеткіші жарияланды. 2016 жылы шыққан бұл материалда автор «Түркияда Ахмет Ясауиге байланысты жасалған зерттеулердің басым көпшілігі оның өміріне, шығармаларына, көзқарастарына, ұстаздары, шәкірттері және әсері секілді тақырыптардан тұрады. Бұлардың басым көпшілігі 1993 жылдан кейін жарық көрген жеке кітап, мақала, баяндама, магистрлік және докторлық диссертациялар секілді еңбектерден тұрады. Бұл еңбектердің мүмкіндігінше нақты санын беретін болсақ, 8 магистрлік жұмыс, 1 докторлық диссертация, 82 жеке кітап (арнау, өлең, жинақ және аудармалар), 215 мақала және 326 баяндама дайындалғанын айта аламыз» дейді [8, 288-б.]. Өзбек ғалымы Надирхан Хасанның да Ахмет Ясауиге байланысты Батыс ғалымдарының еңбектеріне шолу жасаған өте маңызды еңбегі бар. «Batı’da Yesevilik Çalışmaları» атты бұл еңбекте автор Ресейден бастап, Еуропа, Америка елдерінен шыққан елуден аса ғалымның Ахмет Ясауиге байланысты зерттеулерінің тізімін жасаған [9, 151-б.]. Енді бұл библиографиялық көрсеткіштерде орын алмаған қазақ, өзбек, түркімен, ұйғыр, қырғыз, татар ғалымдарының еңбектерін қосыңыз. Демек, Ахмет Ясауиге қатысты еңбектерді сұрыптау, топтастыру, тақырып жағынан саралау мәселесін зерттеу де өз кезегін күтіп тұрған мәселе деген сөз.

Қожа Ахмет Ясауидің өмір сүрген дәуірі мен «Диуани хикметтің» нұсқаларының жазылу кезеңінің арасында айтарлықтай алшақтықтың болуы, нұсқалардың өзі әртүрлі кезеңдерде, сондай-ақ әртүрлі территорияларда хатқа түсірілуі, нұсқалардағы хикмет саны мен мазмұндық ерекшелігі жағынан айырмашылықтардың көптеп кездесуі еңбек жайында да сан алуан пікірдің айтылуына негіз болған. Сондай пікірлердің көбісі еңбектің тілдік ерекшеліктеріне байланысты айтылып, «Диуани хикметтің» тілдік ерекшеліктері түркі тілдерінің қай бұтағына тән деген сауалға түрліше жауап берілді. Тіпті, бұл мәселеге қатысты филологтар ғана емес, басқа саланың мамандарының да пікірлерін кездестіруге болады. Расында, түркі халықтарының өмір сүрген территориялардың қай жеріне барса да, Қожа Ахмет Ясауиді пір тұтып, сыйынған халықты көре тұра оның әйгілі еңбегі «Диуани хикметке» назар аудармау мүмкін емес еді. Айталық, XIX ғасырдың екінші жартысында Орта Азияны шарлаған венгр халқының атақты тарихшысы әрі саяхатшысы А.Вамберидің өзі «Сăgataishe Sprach-Studien» (Шағатай тілінде жазылған еңбектер) аталатын кітабында Ясауидің хикметтерін XIV ғасырдан бастап XX ғасырдың басына дейін жалғасқан шағатай әдебиетінің өкілдері Аллаяр, Әлішер Науаи, Насимий, Физулий секілді қаламгерлердің еңбектерінің қатарына қосады. Демек, А. Вамбери де Ясауидің хикметтерін шағатай тілінің мәтіндерінің бірі деп топшылаған деуге болады. Алайда, ғалымдардың біршамасы бұл көзқарасты жалпылама топшылау ретінде бағалай отырып, нақты пікір айтуға тырысады. Мысалы, кейбірі көшпелі түркілердің тілінде жазылған десе, енді бір тобы Ясауи хикметтерінде түркі халықтарының әртүрлі бұтағына жататын тілдік элементтері бар,

сондықтан аралас тілде жазылған деп есептейді. Тағы бір тобы қыпшақ, енді оғыз-қыпшақ, тағы бірі қарлұқ тілінде жазылған десе, кейбір ғалымдар Ясауи хикметтерінің тілі «Құтадғу біліг», «Атебетул хакайық», тіпті Орхон-Енисей, «Алтұн йарұқ» секілді көне ескерткіштердің тілінен айырмашылығы жоқ деп санайды. Міне, бүгінгі мақаламызда осындай пікірлерге шолу жасап, тұжырымдар мен көзқарастарды топтастыратын боламыз.

Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерінің тіліне қатысты тақырыптарға ең алғаш шетелдік зерттеушілердің назары ауды. Тіпті бұл тақырып ғылыми тұрғыдан ең алғаш батыстық ғалымдар тарапынан қолға алынды десек қателеспейміз. Айталық, XX ғасырда батыстық К. Броккелман, Е.Э. Бертельс, Т. Менцель, А. Семенов, А. Гаррицкий, П. Ахмеров, Н. Ликошин, Н. Маллитский, М. Массон, Ю. Новицкий секілді көптеген атақты ғалымдардың зерттеу еңбектеріне өзек болды. Дегенмен, бұл тақырыпқа байланысты ғылыми тұжырымдардың айтылуы XIX ғасырға барып тіреледі.

XIX ғасырда Орта Азияға саяхат жасау арқылы өте құнды естеліктер қалдырып, тарихы мен географиясына қатысты ғылыми очерктер жаза отырып, әдебиеті мен мәдениетіне байланысты ауқымды материалдар жинап, оларды жай жариялап қана қоймай, тілдік және көркемдік ерекшеліктері жайлы өзіндік тұжырымдар айтқан венгр халқының атақты лингвисті Армений Вамбери (Vámbéry Armin) өзінің 1867 жылы Лейпциг қаласында жарық көрген «*Sagataishe Sprach-Studien*» (Шағатайша жазылған еңбектер жайында) атты еңбегінде берілген мәліметтер арқылы еуропалықтарға Қожа Ахмет Ясауиді таныстырған еді. Атақты ғалымның аталған еңбегінде туындыларын шағатай тілінде жазған Аллаяр, Насимий, Науаи, Физулий секілді кейбір ақындардың өлеңдерімен бірге Ясауи хикметтері де ұсынылды.

Осылайша шағатай тілінде жазылған көптеген еңбектердің батыста танылуына үлкен үлес қосқан, түрколог А. Вамберидің аталған бұл еңбегі Ясауи хикметтерінің тілдік ерекшеліктері жайында ең алғаш пікір айтуымен де маңызды саналады. Ол «Диуани хикмет» ескі өзбек тілінің Қоқан диалектісінде жазылды деген пікір білдірді [10, 36–37-бб.]. А. Вамберидің бұл пікіріне нақты бір дәлелмен қарсы шығу да мүмкін емес. Өйткені ғалым бұл пікірді қай нұсқаға сүйене отырып айтқаны белгісіз. Оның үстіне «Диуани хикметтің» көптеген нұсқаларында өзбек тілінің жазба тіліне және диалектілеріне тән тілдік элементтерді көп кездестіруге болатынын да мойындау керек. Атап айтқанда, «Диуани хикмет» нұсқаларының көпшілігінде шағатай және қазіргі өзбек тіліндегідей проминал /н/ дыбысының түсіп қалу құбылысының (*өзіде* < *өзінде*, *йүрегінде* < *йүрегінде*, т.б.), жалпы түркі тілдерінде кездесетін ілік септігінің {-нЫң} жалғауымен қоса {-нЫ} секілді формаларының кеңінен қолданылуы осы сөзімізді қуаттай түсетін секілді. Алайда хикметтердің кейбір нұсқаларында қарлұқ тілінен гөрі қыпшақ тіліне тән формалардың басым болуы бұл пікірімізді теріске шығарып жатады.

Қожа Ахмет Ясауи мен «Диуани хикмет» тақырыбын алғаш рет монографиялық деңгейде арнайы зерттеп, 1912 жылы «*Hoca Ahmed Yesevi, Çağatay ve Osmanlı Edebiyatları Üzerindeki Tesiri*» (Қожа Ахмет Ясауи: Шағатай және Осман әдебиетіне әсері) атты көлемді мақаласын [11, 475-б.], 1918 жылы «*Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar*» (Түркі халықтарының әдебиетіндегі ең алғашқы сопы-ақындар) атты әлі күнге маңызын жоғалтпай келе жатқан монографиясын, 1978 жылы жарық көрген Ислам энциклопедиясының Қожа Ахмет Ясауиге арналған бөлімін [3, 210–215-бб.] жазған, сондай-ақ 1980 жылы шыққан «Түрік әдебиетінің тарихы» атты еңбегінің «*Tasavvufi Halk Şiirinin Başlangıcı*» (Сопылық сарындағы халық өлеңдерінің бастаулары) атты тарауын Ясауи хикметтеріне арнаған [12, 192–198-бб.] түріктің көрнекті ғалымы Мехмет Фуат Көпрүлү болатын. Ф. Көпрүлү өзінің Ясауиге арналған еңбектерінде Түркістан пірінің аңызға толы ғажайып өмірімен бірге шығармаларының нұсқалары, ерекшеліктері, түркі халықтары әдебиетіне әсері, сопылық әдебиеттегі орны секілді көптеген тақырыптарды ғылыми тұрғыдан саралады, Ясауи өз

хикметтерін түрікшенің қай диалектісімен жазды деген сауалға жауап іздеуге тырысты. Ғалым Ясауи хикметтерін тілдік тұрғыдан арнайы зерттемесе де, ақынның туған жерін және шыққан ортасын бірінші кезекке қоя отырып, «Диуани хикметтің» тілінің жалпы алғанда «Құтадғу біліктен» айырмашылығы жоқ екенін, ал бұл еңбектердің тілі әдеби Хакания түріктерінің тілі деп санауға болатынын айтады [12, 195-б.]. Жалпы бұл пікірді қолдайтын ғалымдар көптеп табылады. Айталық, Т. Менцел де Ясауи тарихаты, Ясауидің түркі халықтарының мекендейтін территорияларындағы ізі секілді тақырыптарды қолға алған 1925 жылы жарық көрген «Die ältesten türkischen Mystiker» (Көне түркі мистиктері) атты мақаласында хикметтердің тілі «Құтадғу білік» және Орхон ескерткіштерінің тілімен бірдей деп түйеді [13, 278-б.]. А.Н. Кононов та Ясауидің хикметтерінің тілі «Құтадғу білік» пен «Алтын йарук» секілді көне қарлұқ-ұйғыр тілдерінде жазылған еңбектерінің тіліне ұқсастырады [14, 3–5-бб.]. Өзбек ғалымы Э. Рустамов та Ясауи хикметтерінің тілі Орхон жазбаларымен бірдей деген көзқараста [15]. М. Маджит «Türk Dünyası Ortak Edebiyatı, Türk Dünyası Edebiyat Kavramları ve Terimleri Ansiklopedik Sözlüğü» (Түркі халықтарының ортақ әдебиеті. Түркі халықтары әдебиетіндегі ұғымдар мен терминдерінің энциклопедиялық сөздігі) атты өз еңбегінде былай дейді: «Ұлан-ғайыр территорияға кең таралғандықтан Ясауидің хикметтерінің жинақтары тілі жағынан түрліше болып келеді. Бірақ Ясауидің хикметтерін Қарахан түрікшесінде жазды деуге болады [16, 209–210-бб.]. Ал Әмір Нажиптің 1965 жылы жарық көрген «Кипчакско-огузский литературный язык Мамлюкского Египта XIV века» атты докторлық диссертациясында «Диуани хикметтің» тілінің грамматикалық және лексикасы жағынан «Құтадғу білік» пен әл-Замахшаридің «Муқаддимет-үл адаб» атты еңбегінен бөлектеу, яғни оның тілінде қыпшақ және оғыз әдеби тілінің ортақ белгілері басымдау екенін баса айтады [17, 9-б.].

Әрине, бұл жерде мынадай маңызды мәселенің басын ашып алуы керек. Қожа Ахмет Ясауи өз хикметтерін өзі өмір сүрген дәуірде жазылған «Құтадғу білігі», «Атебетул хақайық» секілді ескерткіштердің тілінде, яғни Қарахан түрікшесінде жазған болуы әбден-ақ мүмкін. Бірақ, мақаламыздың кіріспе бөлімінде атап өткеніміздей, «Диуани хикметтің» бізге жеткен қолжазбаларының ең ескісі XVII ғасырда жазылғанын естен шығармауымыз керек. Яғни, «Ясауи өз хикметтерін қарахан түрікшесінде жазды» деген сөйлеммен «Диуани хикметтің тілі қарахан түрікшесіне жатады» деген сөйлемнің ара-жігін ажыратып алуды талап етеді. Жалпы, Ясауидің өмір сүрген кезеңіндегі түрік тілі мен «Диуани хикметтің» бізге жеткен қолжазбаларының хатқа түсірілген XVII ғасырдағы түрік тілінің арасында, әсіресе фонетикалық және морфологиялық жақтан, айтарлықтай айырмашылықтың бар екенін ескерсек, біздің талқылап отырған мәселеміздің астарын түсіну қиынға соқпас еді.

Бұл жерде Фуад Көпрүлү айтқандай, Ясауи хикметтерінің бізге жеткен нұсқаларын Қарахан дәуірі еңбектерінің тілінде, яғни Хакания түрікшесінде, немесе Менцел айтқандай, Орхон түрікшесінде жазылды деуіміз үшін ең басты деген кейбір дыбыстар сақталуы керек болатын. Ал хикметте /д/ > /й/ (*айақ* < *адақ*, *тыд-* < *тый-* т.б.), /б/ > /в/ ~ /й/ (*сев-* ~ *сүй-* < *себ-*, *еб* < *үй*, т.б.), /п/ > /ф/ (*йафрақ* < *йапырғақ*, *тофрақ* < *топырақ*, *афақ* < *апақ*, *көфрүг* < *көпруг*, т.б.) секілді кейінгі дәуірлерге тән дыбыстық алмасулардың орын алғанын көреміз. Біз бұл жерде екі-үш дыбыстық құбылыстан сөз еттік, шын мәнінде Ясауи хикметтерінің Қарахан дәуірінен әлдеқайда кейін жазылғанын дәлелдейтін дыбыстық құбылыстар жеткілікті деуге болады.

Ахмет Ясауиге байланысты маңызды еңбектер жазған және қазақ ғалымдарының ішінде «Диуани хикметтің» тілі төңірегінде алғаш ғылыми пікір айтқандардың бірі – Құдайберген Жұбанов. Оның 1928 жылы бастаған «Мұра-хаттар. Түркі әдебиеттер тілінің танымы» атты алты бөлімнен тұратын еңбегінде Қожа Ахмет Ясауидің есіміне, өміріне, туған жеріне, ата-тегіне, өмір сүрген ортасына, өмір сүрген кезеңіне байланысты көптеген мәліметтер береді. Сонымен бірге еңбектің «Қожа Ахмет Ясауидің 95-толғауы» атты екінші

бөлімінде Қазақ жерінде мекендейтін халықтар үшін «Диуани хикметтің» өте маңызды екенін, алайда бұл еңбек мистикалық тақырыптарды насихаттайды деген желеумен мән берілмей келе жатқанын айтады. Мұнымен қоса ол Ясауи хикметтерін қазақ жазба әдебиетінің өте ерте кезеңде басталғанын дәлелдейтін еңбек ретінде бағалай отырып, бұл еңбекті түркі халықтарының ортақ ескерткіші екенін дәлелдеуге тырысады. «Диуани хикметтің» 1893 жылы Қазан қаласында басылған тасбаспасын негізге ала отырып, хикметтерді Әлішер Науаи, Шейх Саиди, Физули, Хафиз секілді орта ғасырлық түркі ақындарының еңбектерімен салыстырып, көркемдік тұрғыдан талдайды. Сонымен бірге еңбектің қазақ ақын-жырауларының шығармашылығына әсері жайында көзқарастарын ұсынады [18, 300–310-бб.]. Ал «Қожа Ахмет Ясауидің армандары» атты бөлімде хикметтерде қолға алынған тақырыптар туралы сөз қозғайды. Хикметтердің өзегін әділет, шындық, қоғамдағы теңсіздік секілді тақырыптар құрайтынын және ақынның мұндай келеңсіздіктерге қалай қарсы тұрғаны жайындағы өз ой-пікірлерін жазады [18, 311–318-бб.].

Қ. Жұбановтың бұл еңбегінің «Диуани хикметтің мазмұны мен тілі туралы бірер сөз» атты бөлімінде хикметтерді тақырыбы жағынан діни, тарихи құбылыстар және адамдардың игі істері секілді бірнеше топқа бөледі. Хикметтердің ырғағы жайында мынадай пікір білдіреді: «Оның бірқатар толғаулары мистикалық сарындағы өлеңдер болып келеді. Ондай толғауларының көбі-ақ әндетіп айтуға көнеді. Өйткені, Хожа Ахмет осы сарындарын мұриттерінің алқа жиналасында әндетіп айтатын болған» [18, 319-бб.]. Осы тұста Ясауи хикметтерінің тілінің зерттелмеуі ғылым үшін орасан зор кемшілік екенін білдіреді. Сонымен бірге ғалым Ясауи хикметтерінің тілі жайында да ерекше пікір білдіре отырып, Қожа Ахмет Ясауи араб және парсы тілдерін жетік білгеніне қарамастан хикметтерін түрік тілінде және оның қолданған тілінің бүкіл түркілер үшін ортақ екенін баса айтады. Ол: «Хикмәттің» тілі – түрік тілі. Ахметтің өзі де «Хикмәтті» түркі тілімен жазғанын айтады» дей келе [18, 320-б.], «Диуани хикмәттің» тілін ат үсті болса да байқаған адам мұнда қазіргі кездегі өзбектің де, ұйғырдың да, қазақтың да тіліне ұқсайтын жеке-жеке (біріндеген) лексикалық элементтерді де, азды-көпті сөздері қазіргі өзбек немесе ұйғыр тілінде қолданылып жүрген сөз материалы болып шығады... Бірақ «түркінің сахрауй тілінен гөрі басқалау, әдеби қолданыстармен «будандасқан» мәдени формаларды көбірек қолданады» деп пікір білдіреді [18, 321–322-бб.]. Ғалым кітабының соңғы жағында «Диуани хикметтің» тіліне байланысты соңғы тұжырымын былайша білдіреді: Қазіргі таңда әлі анықталып болмаған бір қызық нәрсе – «Хикмәт» тілінің өзбек пен ұйғыр тіліне өте жақындығы – яғни ұқсастығы. Өзбек тіліне оның ұқсастығы тек лексика мен грамматика жағынан ғана емес, тіпті араб, парсы сөздерінен көп қолданушылығы жағынан да емес, негізіне бұл «Хикмәттағы» бірқатар өлең өлшемдерінің өзбек халық әдебиетіндегі кейбір өлең-жырларға тән буын өлшемдеріне де ұқсастығы. Солай бола тұра «Диуани хикмәттің» тілі Науаидың «Шар диуанының» тілінен едәуір басқаша сезімді. Екінші сөзбен айтқанда, «Шар диуанының» тіліне қарағанда «Диуани хикмәт» тілінің өзбектен гөрі қазақ тіліне өте жақындығы. Бұл да алдағы кезде өз зерттеушісін күтіп тұрған мәселенің бірі» [18, 323-б.].

Кеңестік түркологтардың бірі А.К. Боровковтың 1948 жылы жарық көрген «Очерки по истории узбекского языка (определение языка хикматов Ахмада Ясеви)» атты еңбегінде де Ахмет Ясауи және «Диуани Хикмет» тақырыбы кең көлемде талданады. Екі бөлімнен тұратын бұл еңбекте Ахмет Ясауидің түркі халықтарының арасындағы танымалдылығы, аңызға толы өмірі, білімі жайындағы қысқаша кіріспеден соң хикметтерді көркемдік мазмұн және тілдік ерекшеліктері жағынан саралайды. Автор бұл еңбегінде Санкт-Петербург (Залеман нұсқасы) және Қазан қалаларында сақталған нұсқаларын негізге ала отырып, «Диуани хикметті» фонетикалық, морфологиялық және лексикалық жақтан талдайды. Зерделеудің нәтижесінде «Диуани хикмет» шығыс түркі тобы тілінде жазылған деген пікір

айтады. Алайда еңбекте қыпшақ тілдерінің де, оғыз тілдерінің де, қарлұқ тілдерінің де көрсеткіштері бар деген қорытындыға келеді [19, 229–250-бб.].

«Диуани хикметтің» тілдік көрсеткіші жағынан түпнұсқалылығын сақтамаған деген пікірді ұстанатын, яғни Қараханидтер дәуірінде жазылған ескерткіштер тіліне ұқсамайтынын қолдайтын Натан Маллаев 1965 жылы жазған «Өзбек әдебиетінің тарихы» атты еңбегінің екінші бөлімінде X–XII ғасырда өмір сүрген кейбір тұлғалардың қатарында Қожа Ахмет Ясауи турасында да мәліметтер ұсынады. Еңбекте ақынның өмірі, қаламгерлігі, құрметіне арналған есімдер, Түркістандағы кесенесі жайлы тарихи мәлімет, «Диуани хикметтің» нұсқалары және нұсқалардың бір-бірінен айырмашылықтары, хикметтерінің саны, тілі секілді түрлі тақырыптар қарастырылады. Одан соң мынадай қорытынды жасайды: Диуанның тілі мен стилі қаншалықты өзгеріске ұшыраса да, Ясауидің пікірлері сақталған. «Диуани хикмет» Ахмет Ясауидің шәкірттері тарапынан хатқа түсірілген, егер жазған болса Ясы қаласын «Диуани хикметтегідей» Түркістан деп айтпас еді. Өйткені, Ясы қаласы Түркістан атауын XV ғасырдың соңына таман алды. «Диуани хикметтегі» хикметтердің барлығын Ахмет Ясауи емес, оның шәкірттері тарапынан жазылған. Сонымен бірге Ахмет Ясауиге телінген хикметтерде басқа ақындардың шығармалары да араласып кеткен. Сондықтан бұл шығарманы тек Ахмет Ясауидің емес, Ясауия тарихатының бірнеше ғасырдан бері жинақталған мұрасы деу керек. Маллаев бұл пікірден соң «Диуани хикметтің» мазмұны жайында өз бағасын береді. Сонымен бірге хикмет стилінде өлең жазған Сүлеймен Бақырғани, Баба Машын, Шемсиддин Өзгенди, Құл Несими, Убаиди секілді ақындарды да тілге тиек етеді [20, 151–160-бб.].

Түрік халқының көрнекті әдебиеттанушысы Ахмет Кабаклы да өзінің 1966 жылы жарық көрген «Түрік әдебиеті» атты кітабында «Диуани хикметті» Селжұқ Мемлекеті тұсында жазылған еңбек санай отырып, хикметтерде араб және парсы тілдерінің сөздері басым болғанымен А.К. Боровковтың пікіріне ұқсас шығыс түркі тілінде жазылған деген жалпылама ой айтады [21, 75–79-бб.].

«Диуани хикметтің» тілдік және стильдік ерекшеліктеріне қазақ ғалымдарының ішінде Қ. Жұбановтан соң Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томановтардың 1971 жылы жазған «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» атты кітабында «Диуани хикметті» орта ғасырлық түркі ескерткіштерінің бірі ретінде бағаланып, еңбектің тілін Қараханидтер дәуірі кезеңінде жазылған еңбектердің тіліне жатқызады [22, 28–30-бб.]. Осы пікірді ұстанатын Ә. Қайдар және М. Оразов та өздерінің «Түркітануға кіріспе» атты кітабында «Қараханидтер дәуірінде көпшілік түркі тілдеріне негізделген, жалпыға ортақ әдеби тілдің болғандығы анық. Ондай тіл, әрине, қахани түркілердің, яғни шігіл, яғма, тухси, т.б. тайпалардың тілі негізінде қалыптасқан «Құтадғу білік», «Хибатул хақайық» сияқты ескерткіштердің тілі арқылы байқалады. Қолдағы бар материалдарға қарағанда, таза түркі тілімен (әдеби тіл делінген қаханилар тілі) бірге аралас тілдерде жазған шығармалар да көріне бастайды. Бір жағынан, ислам діні ықпалының күшеюімен араб пен парсы тілдері элементтері көптеп ене бастаса, екінші жағынан, оғыздар, қыпшақтар мен қарлұқтар арасы алшақтай түсіп, өзіндік тілдік ерекшеліктері айқын көріне бастайды. Міне сондайлардың бірі – діни мазмұнда жазылған Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегі. Мазмұны жағынан бұл еңбек бізді онша қызықтыра қоймайды да, тілі болса – аралас. Сондықтан да оны зерттеуші ғалымдардың көпшілігі күні бүгінге дейін ортақ бір шешімге келе алмай жүр» деп пікір айтады [23, 161-б.].

Ясауиге қатысты зерттеу жұмыстарының біршамасы Әлішер Науаи, Лутфи, Секаки секілді шағатай әдебиетінің жарқын өкілдерінің шығармаларын зерттеп, түркологияға ерекше үлес қосқан түрік ғалым Кемал Эраслан тарапынан жазылды. Ғалым Қ.А. Ясауидің тек хикметтерін ғана зерттеп қоймады. Оның 1977 жылы Ахмет Ясауидің тасаввуфтың қағидалары мен шарифаттың заңдарын үйретуге арналған «Фақырнамасына» арналған көлемді мақаласы жарық көрді. Мақала осы еңбек арқылы Ясауидің тілдік ерекшеліктерін

зерттеген ғылыми еңбек ретінде үлкен маңызға ие болды деуге келеді. Қолжазбаның тілдік ерекшеліктерін талдаумен бірге түркілердің сопылық дәстүрінің алғашқы еңбектерінің бірі саналатын «Фақырнаманың» транскрипциясы мен түрікше аудармасының енуі мақаланың бағасы мен маңызын одан әрі арттыра түседі [24]. Ахмет Ясауидің «Фақырнамасы» 2008 жылы түрік әдебиеттанушысы Абдурахман Гүзел тарапынан әрі әдеби, әрі тілдік тұрғыдан қолға алынды. «Ахмет Ясауидің «Фақырнамасы» жайында талдау» (Ahmed Yesevî'nin Fakr-nâme'si Üzerine Bir İnceleme) аталатын бұл еңбекте тек «Фақырнама» емес Ясауи мен Ясауитануға байланысты түрлі тақырыптарды қаузаиды. Еңбекте алдымен сопы ақынның өміріне, шығармаларына, ақындығына байланысты жалпылама мағлұматтар берілгеннен соң хикметтер әдеби тұрғыдан талданады. «Фақырнаманың» мазмұны, тасаввуфтың заңдары, мақам, мәртебе секілді тақырыптарға тоқталады. Сонымен қоса шығарманың тілдік және стильдік ерекшелігін талдай отырып, фонетикалық, морфологиялық және лексикалық тұрғыдан қарастырады [25]. Кемал Эрасланның да, Абдурахман Гүзелдің де зерттеуіне сүйенсек, Ясауидің аталған еңбегі де «Диуани хикмет» секілді оның шәкірттері тарапынан жазылған және тілі жағынан да «Диуани хикмет» секілді шағатай дәуірінде жазылған мәтіндерге ұқсас.

Кемал Эрасланның Ясауидің шығармашылығына байланысты тағы бір маңызды еңбегі – 1983 жылы жариялаған «Ahmed Yesevi Dîvân-ı Hikmet'ten Seçmeler» (Ахмет Ясауидің таңдамалы хикметтері) атты шығармасы. Бұл еңбекте түрік ғалымы Ясауидің өмірі, ақындығы, хикметтерге қатысты мәселелер және түркі әдебиетіндегі орны секілді тақырыптарға байланысты жалпы мәліметтер беріліп, «Диуани хикметтің» әртүрлі кітапханаларда сақталған оннан аса нұсқасынан таңдап алынған жетпіс хикметтің транскрипциясын және түрік тіліндегі аудармасын енгізеді. Ғалымның бұдан бөлек Ахмет Ясауиге арналған энциклопедиялық материалдар және Ясауи хикметтерінің қолжазбаларына, тілдік және мазмұндық ерекшеліктеріне байланысты тақырыптарды талдаған бірнеше зерттеу еңбегі жарияланды [26, 13–14-бб.], [27, 37–43-бб.], [28, 159–161-бб.]. Бұл еңбектерінде Кемал Эраслан хикметтердің тілінде қазақ, түркімен, татар, әсіресе өзбек тілінің тілдік ерекшеліктері басым екенін [29, 429-б.], сондай-ақ Ташкент қолжазбасында өзбекшенің, Қазан баспасында Қазан татаршасының тілдік көрсеткіштері анық көрінетінін айтады [30, 38-б.].

Реті келгенде айта кетейік, 2016 жылы Стамбұл қаласында өткен Халықаралық Қожа Ахмет Ясауи симпозиумында баяндама жасаған ұйғыр зерттеушісі Мирегүл Хелилидің берген мәліметіне сүйенсек, ұйғырлар арасында сақталған «Диуани хикмет» нұсқаларының тілінде ұйғыр тілінің әсері байқалатын көрінеді [31, 871-б.].

Мариям Ишмухамедованың 1995 жылы Өзбекстанда «Дивони хикматнинг қулийозмалари» тақырыбында қорғалған диссертациясында Өзбекстанның мемлекеттік және жеке кітапханаларында, музейлерінде сақталған нұсқаларының мазмұнын салыстырып, нұсқалардың сақталған жерлері туралы кең мәлімет береді. Сонымен бірге зерттеуші Н. Баскаковтың пікірін қуаттай отырып, «Диуани хикмет» түркі тілдерінің қарлұқ тобының тілдік ерекшеліктерін көрсетеді деген қорытындыға келеді [32, 7-б.]. Дәл мұндай пікірді татар ғалымы Лейсан Кафилевна Кадырова да қолдайды. Л. Кадырова өзінің 2002 жылы қорғаған «Лексико-семантические и стилистические особенности хикметов Ахмада Ясави (По Казанским изданием)» атты кандидаттық диссертациясында Г. Ибрагимов атындағы Тіл, Әдебиет және Өнер институтында (1 нұсқа), Н.И. Лобачевский атындағы Қазан Ұлттық Университетінде (6 нұсқа) сақталған 7 нұсқа туралы мәлімет бере отырып, бұл нұсқалардың барлығында да қарлұқ тілдерінің ерекшеліктері басым екенін алға тартады [33, 7–8-бб.].

Сонымен бірге «Диуани хикметтің» тілі туралы пікірлер түркі тілдерінің тарихына байланысты жазылған оқулықтарда да орын беріліп келеді. Мысалы, Ахмет Жафероғлу [34, 80–82-бб.], Ахмет Бижан Эржиласун [35, 338–342-бб.], Али Акар [36, 164–166-бб.] секілді

түрік ғалымдары өздерінің түркі тілдерінің тарихын саралайтын еңбектерінде Ахмет Ясауиге арнайы бөлім арнап, оны Қарахан әдебиетінің өкілі ретінде көрсетеді. Бірақ «Диуани хикмет» Ясауидің шәкірттері тарапынан хатқа түсірілгендіктен оның тілдік ерекшелігі жағынан Қарахан дәуірі ескерткіштерінің тілінен гөрі Шағатайша жазылған ескерткіштер тіліне ұқсайтынын атап өтеді. Соның ішінде Жафороғлуның Ясауи хикметтерін Қарахан дәуірі ескерткіштерінің арасында санаса да, оның тіліндегі кейбір формаларға назар аударып, еңбектің тілі жағынан Қарахан дәуірінің басқа ескерткіштеріне ұқсамайтын формалардың бар екенін, мысалы, «Диуани хикметте» өнімді жұмсалатын ілік септігінің {-nbl} жалғауын атап көрсетеді. Бұл тұлғаның Шағатайшаның бүгінгі өкілі «өзбекшенің диалектілерінің әсері болуы керек» деген пікір айтады [34, 98-б.].

Ал 1989 жылы У. Турсунов, Б. Урунбоев және А. Алиевтердің бірлесіп жазған «Өзбек әдеби тілінің тарихы» атты еңбегінде Ясауи хикметтерін өзбек жазба тілінің XII ғасырдың соңғы кезеңіндегі еңбектерінің бірі ретінде бағалап, оның тіліне байланысты қысқаша мәлімет береді. Еңбекте алдымен «Диуани хикметтің» қолдағы бар нұсқаларының кейінгі кезеңдерде жазылғанын алға тартып, А.К. Боровков, А. Вамбери, Ф. Көпрүлү секілді кейбір зерттеушілердің пікірлерін саралайды. Сондай-ақ «Диуани хикметтің» кейбір грамматикалық және фонетикалық ерекшеліктерін өзбек тілімен салыстырады. Сөздік қорын талдау барысында кейбір парсы және араб тілінен енген сөздерге тоқталады [37, 81–84-бб.].

А. Мухтаров пен У. Санақұловтың 1995 жылы жарық көрген «Өзбек әдеби тілі» атты еңбегінің «Эски узбек адабий тилининг шаклланишида қарлуқ-чигил-уйғур тил бирлигининг ахамияти» (Ескі өзбек әдеби тілінің қалыптасуындағы қарлуқ-шигил-ұйғыр тіл бірлестігінің маңызы) бөлімінде «Диуани хикметті» Қарахан дәуіріне тиесілі «Құтадғу біліг», «Атабетүл хақайық» және «Диуан-и лугат ит-түрік» шығармаларымен қатар қарастырады. Бұл бөлімде «Диуани хикметте» шарифат және тасаввуфқа тән діни және философиялық тақырыптардың қозғалатынын жазады. Одан соң Ясауидің жеке басына қатысты кейбір мәліметтерді беріп, көптеген ғылыми жұмыстарда Ахмет Ясауиге байланысты теріс пікірлер айтылып жүргенін тілге тиек етеді. «Диуани хикметтің» ең көне нұсқасының жазылу кезеңі және тілі жайындағы көзқарастарын білдіреді. Мұнымен қоса Ясауидің халық өлеңдерінің сарынында және халықтың ең оңай түсінетін тілінде жазғанын айтып өтеді. Авторлар «Диуани хикмет» XII ғасырдағы өзбек тілінің ерекшеліктерін көрсететін ең маңызды шығарма деген пікірді қуаттайды. Сонымен қоса хикметтердегі түркизмдерге байланысты маңызды талдаулар жасайды. Хикметтерде араб және парсы тілдерінен кірген кейбір діни сөздер мен тіркестердің көптеп кездесетінін айта отырып, оларды мысалдармен көрсетеді, фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктеріне байланысты кейбір сараптамаларын ұсынады [38, 64–69-бб.].

1995 жылы У. Турсунов, Б. Урунбоев және А. Алиевтің жазған «Өзбек әдеби тілінің тарихы» атты еңбегінің «Диуани хикметтің» тілдік ерекшеліктеріне қатысты тарауында «Диуани хикметтің» түрлі нұсқалары мен нұсқаларының тілі жөніндегі көзқарастарды зерделеп, саралайды. «Диуани хикметте» кездесетін кейбір тілдік элементтерді талдайды. Кейбір мысалдар арқылы «Диуани хикметтің» тілі жайында ойларын былай жеткізеді: Хикметтердің тілін талдағанымызда оның тілінен жергілікті диалектілердің ерекшеліктерін кездестіреміз. «Диуани хикметтің» нұсқаларын хатқа түсіруші қай диалектінің өкілі болса, «Диуани хикметте» де сол диалектінің тілдік көрсеткіштерін кездестіруге болады [39, 82-б.]. Сондай-ақ авторлар бұл еңбекте «Диуани хикметтің» сөздік қорына назар аударып, *қайу*, *қамуз*, *илиг*, *арыз учмақ*, *йазуқ*, *нучук* секілді сөздер арқылы хикметтердің XIV–XVI ғасырдан бұрынғы мәтіндердің тіліне ұқсайтынын дәлелдеуге тырысады [39, 84-б.].

Қазақ түркітанушысы Ә. Құрышжанов та өзінің «Тіл тарихы туралы зерттеулер» атты ғылыми еңбегінің бір бөлімін Ахмет Ясауиге арнайды. Бұл бөлімде Ясауидің өміріне байланысты мәліметтерге аздап тоқталғаннан соң ақынның өмір сүрген кезеңі, сол кезеңдегі

түркі халықтарының наным-сенімі мен мәдениеті, түркі тілдері, көне түркілердің сопылық әдебиеті және тарихы секілді түрлі тақырыптар Ясауиге байланыстырыла талданады. Содан соң «Диуани хикметтің» қазақ тіліндегі аудармалары жайлы өз көзқарастарын білдіріп, аздап сын айтады. Аудармалардағы кейбір қателіктер мен кемшіліктердің түзетілуін және «Диуани хикмет» сияқты ескерткіштерді аудару үшін араб-парсы тілдерін біліп қана қоймай, көне, орта ғасырдағы түркі тілдерінің ерекшеліктерін және тасаввуфқа байланысты терминдерді, көптеген тілдік бірліктерді білу керектігін баса айтады. Бұл ерекшеліктерді дәлелдеу мақсатында қате аударылған кейбір формаларды мысал ретінде көрсетеді [5, 374–402-бб.].

Соңғы кезеңдерде Татарстанда түркілердің сопылық әдебиеті жайындағы зерттеулер жүргізіп, елеулі еңбектер жазып жүрген зерттеушілердің бірі Ә.Т. Сибгатуллина да Ясауитануға айтарлықтай үлес қосуда. Оның «Илахи гашыйклар йулынан», «Татар әдебиятында суфичилик (чыканаклар, тематикп хәм жанр үзенчлеклере)», «Татар дини-суфи әдебияты» атты еңбектері осы тақырыпқа арналады. Ә.Т. Сибгатуллина Ахмет Ясауи тақырыбын алғаш 1999 жылы жазған «Илахи гашыйклар йулынан» атты еңбегінде қолға алады. Аталған еңбекте автор Вейсел Қарани, Хаким ата, Мәулана Желеладдин-и Руми, Хажы Бекташ-ы Уәли, Шейх Зейнуллах Ресули секілді әйгілі сопылармен бірге Ахмет Ясауиді де қарастырады. Әсіресе, Ахмет Ясауидің Мәуренахрді, Дешті-қыпшақты, Анадоныны, Еділ мен Жайықты мекендеген түркі халықтарының мәдениетіндегі орны, оның туған жылына байланысты мәселелер, білімі мен рухани дүниесіне әсер еткен маңызды тұлғалар, Еділ мен Бұлғар аумағын мекендейтін түркілердің сенімдері секілді тақырыптарды да саралайды. Еңбекке сонымен бірге Ясауи тарихатының негіздері, алғашқы дереккөздері, тасаввуфқа байланысты терминдер жайындағы мәліметтер енеді. «Диуани хикметтің» нұсқалары және Ахмет Ясауидің ізбасарлары, шәкірттері, т.б. турасында маңызды мәліметтер береді [40, 25–46-бб.]. Ал 2000 жылы жарық көрген «Татар әдебиятында суфичылық (чыканаклар, тематика хәм жанр үзенчлеклере)» (Татар әдебиетінде сопылық: Дереккөздері, тақырыптар және жанр ерекшеліктері) атты кандидаттық диссертациясында сопылықтың түркі халықтарының мәдениеті мен әдебиетіндегі орны, Ясауи хикметтерінде қолға алынған маңызды тақырыптарды талқылайды. Сонымен бірге Ясауидің татар халқынан шыққан сопыларға және қаламгерлерге әсері жайында өз көзқарасын жазады және Пайғамбарлар, сопылар, діни сенімдер мен культтер жайында жазылған еңбектер заманауи көзқарас тұрғысынан сараланады. Ал «Хожа Ахмед-и Ясеви вә Қазан татарлары әдебиятында тасаввуф» атты 1997 жылы жарық көрген ауқымды мақаласында Ясауи хикметтерінің татар тіліне әсері жайында Ясауи және Бақырғани өз шығармалары бұлғар-татар тілдерінің сөздік қорының баюына, дыбыс жүйесіне және морфологиялық құрылымының қалыптасуында орасан зор үлесі бар екенін атап өтеді [44, 51-б.].

Көріп отырғанымыздай, «Диуани хикметтің» тілдік және стильдік ерекшеліктері отандық, сол секілді алыс-жақын шетелдік ғалым-зерттеушілердің назарын аударып келеді. Әр ғалым-зерттеуші хикметтердің тілдік және стильдік ерекшеліктеріне байланысты түрліше пікір айтты. Бірақ дәл осы тақырыпты қазақ ғалымы Рабиға Сыздықова секілді ғылыми пікірін арнайы зерттеп, әрбір тілдік бірлікке мұқият назар аударып барып айтқан ғалым жоқ. Біршама қолжазбаларды оқып, ғылым әлеміне танытқан ғалым 2004 жылы жарық көрген «Ясауи хикметтерінің тілі» атты еңбегін жарыққа шығарғанға дейін бұл тақырыпқа үлкен дайындықпен келді деуге болады. Яғни, бұл еңбекке дейін ғалымның «Ясауи мұрасының тілін зерттеудің қажеттігі» (2001 жылы), «Ясауи тілінің қыпшақтық-оғыздық негізі» (2002 жылы) атты мақалаларында, 2004 жылы жарық көрген «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты кітабында сопы ақынның өміріне, әдебиетке қосқан үлесіне, сондай-ақ көркемдік ерекшеліктеріне, әсіресе шығармаларының тілдік ерекшеліктеріне назар аударып отырды. Ал «Ясауи хикметтерінің тілі» еңбегінде ғалым қазіргі таңда XVII ғасырда хатқа түсіп, XIX ғасырдың соңғы ширегінде К.Г. Залеман тарапынан Самарқандтан Санкт-Петербург

қаласына алып кеткен нұсқаның транскриптің жасап, ақауы бар тұстарда XIX–XX ғасырларда Қазан қаласында жарық көрген тасбаспаларын пайдалана отырып, Ясауи хикметтерінің лексикасы, фразеологиясы, морфологиялық құрылымы, фонетикалық, фонологиялық жүйесі, стильдік ерекшеліктері, көркемдік сипаты секілді тілдік ерекшеліктерін көрсететін бүкіл элементтерді синхронды әрі диахронды тұрғыдан алып кеңінен зерттеп, талдайды. Әсіресе, әрбір тілдік элементтің ізін қазіргі түркі тілдерінен іздей отырып, көбіне-көп қазақ тіліндегі қолданысымен салыстыруды көздейді [42, 3-б.]. Осы арқылы ғалымның тілімен айтқанда «Ясауи хикметтерінің негізі түркі тілдерінің қай бұтағына жатады немесе жақын деген проблеманы шешуге» тырысып, нәтижесінде мынадай тұжырым қабылдайды: Ясауи хикметтерінің сөздік қазынасы мен фонетика-морфологиялық бітімі бір ғана түркі тілін былай қойғанда, бір ғана қыпшақтық немесе оғұздық, я болмаса қарлұқтық тобына жатпайды, мұнда өзге де түркі жазба ескерткіштері сияқты бұлардың барлығының да үлгілері (бірліктері, элементтері) орын алған, бірақ Ясауи тілінің сүйегі қыпшақтық, оның j-тобына (*йақын, йоқ, йаман*) жататын тіл, сонымен қатар мұнда оғұз элементтері мықты араласуы көзге түседі, көп ретте қыпшақ-оғұз қатарлары жарыса қолданылып отырады, сондықтан Ясауи тілінің негізі қыпшақ-оғұз әдеби тілі деп бізден бұрын айтылған тұжырымды біздің талдауларымыз да қуаттайды [42, 198-б.]. Бұл тұста ғалым Ясауи хикметтерінің тілін қыпшақ және оғыз элементтерінің араласқан тілінде жазылғандығын қолдайтын Е. Бертельс, А.Б. Боровков, Ә. Нажип секілді ғалымдардың ойларына қосылатынын айтып отыр [43, 90-б.], [44, 11-б.], [45, 235-б.]. Ал енді бұл пікірге мүлтіксіз деп келісе салу да мүмкін емес. Рас, хикметтерде қыпшақ және оғыз тілдерінің элементтері баршылық. Бірақ бұлар қарлұқ элементтерінен басым деп айту қиын. Оның үстінде араб әліпбиі фонетикалық жазу түрі болмағандықтан көптеген дыбыстар туралы нақты пікір айтуға мүмкіндік бермейтінін былай қойғанда, хикметтерде түркі тілдерінің үш бұтағына тән ортақ элементтер де аз емес екенін естен шығармаған абзал. Жалпы оғыз тілдерінің қыпшақ және қарлұқ тілдерінен айыратын ең басты ерекшеліктер бар. Сонымен бірге қыпшақ және оғыз тілдерін ортақтастыратын дыбыстық құбылыстар мен морфемалар да жоқ емес. Оғыз тілдерінде, әдетте, сөз басындағы /к/ ~ /к/ дыбыстары /г/ ~ /ғ/ дыбысына (*кел- > гел-, кет- > гит-*, т.б.), /т/ дыбысы /д/ дыбысына (*тағ > дағ, тұр- > дұр-*, т.б.), кейбір сөздерде сөз басындағы /б/ дыбысы /в/ дыбысына (*бар > вар, бер- > вер-*, т.б.) алмасу құбылысы, сол секілді *бол-* етістігі *ол-* болып қолданылуы тиіс болатын. Шынында, кейбір хикмет нұсқаларында осындай оғыздық формалар арагидік кездесіп қалып жатады. Бұл жайында Ахмет Ясауидің шығармаларына байланысты маңызды зерттеу еңбектерін жазған түрік ғалымы Зеки Каймаздың 2002 жылы жариялаған «Носа Ahmet Yesevi'nin Hikmetlerindeki Oğuz Türkçesi Unsurları» (Қожа Ахмет Ясауидің хикметтеріндегі оғыз түрікшесіне тән элементтер) атты мақаласында көрсетіп берген еді. Атап айтқанда, хикметтердегі шағатай тілінде қолданылатын *ал-* көмекші етістігімен қоса оғыз тілдерінде кең таралған *бил-* етістігінің, есімшенің {-ДҮҚ}, {-МЫШ} жұрнақтарының, кейбір мысалдарда *бол-* етістігімен қатар *ол-* етістігінің қолданылатындығына назар аударады [46]. Бірақ бұлардың қолданылуы жиілігі тым аз екенін баса айтқымыз келеді. Тағы бір айта кететін нәрсе, көне түрікшедегі сын есім тудырушы {-ЛЫҒ} жұрнағының соңындағы /-ғ/ дыбысының сақталуы [47, 61-б.], әдетте шығыс септігі формасының {-дАН} емес көне түркі, шағатай, қазіргі ұйғыр тілдеріндегідей {-дЫН} болуы, шағатай, өзбек, ұйғыр тілдеріндегідей проминал /н/ дыбысының жиі-жиі түсіріліп айтылуы Ясауи хикметтерін үзілді-кесілді оғыз-қыпшақ тілді еңбек деп айтуға кедергі туғыза береді.

Қорытынды

Сонымен түркі халықтарының пір тұтатын сопы шайырларының бірі Қожа Ахмет Ясауи X–XIII ғасырларда Орта Азия және Мәуренахырда құрылған Хакания (Қарахан) мемлекеті тұсында Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Жүгнеки секілді түркі

әлемінің ұлы тұлғаларымен бір заманда өмір сүрсе де, оның хикметтерінің қолымыздағы ең көне Мысыр нұсқасы өзі өмірден өткеннен соң (б.ж.с. 1166) бес жүз жылдан соң хатқа түскенін көреміз. Көне саналатын Санкт-Петербург, Көкшетау, Стамбұл нұсқаларының өзі сол XVII ғасырдың орта шенінен былай хатқа түскен.

Қазіргі шақта Орта Азияда ғана емес әлемнің көптеген елдерінде «Диуани хикметтің» нұсқалары сақталған. Ғалым Ә.Құрышжанов «Диуани хикметтің» төрт жүзден аса нұсқасы барын айтады, алайда мұны тап басып айту мүмкін емес екенін де ескерткіміз келеді. Себебі уақыт өткен сайын ескерткіштің Орта Азия мемлекеттері, Түркия, Ресей, Иран, Мысыр, Үндістан, Венгрия, Франция, Әзербайжан, Ұлыбритания, Италия, Ауғанстан секілді түрлі мемлекеттерінің кітапханаларынан, мұражайларынан және кейбір кісілердің жеке кітапханаларынан көптеген қолжазба нұсқалары табылып жатыр. Бұлардың біршамасы ғылым әлеміне таныстырылып үлгергенімен көбісі әлі де зерттеуден тыс қалып келеді. Бүгіндері оқылып, талданған «Диуани хикмет» нұсқаларындағы ой мен идея бірдей болғанымен, мазмұны мен тілдік ерекшеліктерінде айтарлықтай айырмашылықтар бар екені де аз айтылып жүрген жоқ. Осыған орай сан түрлі пікір мен көзқарасты да аз кездестірмейміз. Әсіресе, ескерткіштің түркі тілдерінің қай бұтағына тән екені жайында пікір көп айтылған.

«Диуани хикметті» Ә. Рустамов, Т. Менцел секілді ғалымдар көне түрік тілінде жазылған десе, Ф.М. Көпрулу, Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томановтар Қарахан/қахания түркілерінің тілінде, К. Эраслан, А. Гүзел шағатай тілінде, Ә. Нажип, А.К. Боровков, Р. Сыздықова, Е. Бертельстер оғыз және қыпшақ тілдерінің, А.Н. Кононов, Н. Баскаков, Л.К. Кадыровалар қарлұқ-ұйғыр тілдерінің негізінде, А. Вамбери, А. Мухтаров, У. Санақуловтар өзбек тілінде жазылды деген пікір білдіреді. Ал К. Эраслан, У. Турсунов, Б. Урунбоев және А. Алиевтер әр нұсқада әр түрлі жергілікті диалектілердің ерекшеліктері кездеседі деп көрсетеді. Қ. Жұбанов, Ә. Қайдар және М. Оразов секілді ғалымдар аралас тілді еңбек деп бағалайды. Дегенмен, ғалымдар «Диуани хикметтің» тілін түркі тілдерінің қай бұтағына жатқызса да, басқа бұтақтарға тән тілдік элементтердің де аралас жүретінін мойындайды. Бір жағынан ғалымдардың пікірінің әр түрлі болуы «Диуани хикметтің» нұсқаларының тілінде айырмашылықтардың кездесуіне байланысты болуы да ықтимал. Яғни, бұл тұста К. Эрасланның «Ташкент қолжазбасында өзбекшенің, Қазан баспасында Қазан татаршасының тілдік көрсеткіштері анық көрінеді» деген пікірінің жаны бар деуге тура келеді. Өйткені, «Диуани хикметтің» қолымыздағы нұсқалары XV–XX ғасыр аралығында Орта Азия халықтарының ортақ жазба әдеби тіліне айналған шағатай тілінің соңғы кезеңдерінде, яғни Классикалық дәуірдің соңғы кезеңі (Джейсон Экман) деп аталатын кезеңінде жазылғанына ешкім дау айта алмайды. Ал бұл дәуір екі-үш ғасыр бойы қолданыла келіп, әбден қалыптасқан шағатай тілінде жазылған әдеби мәтіндердің тіліне түркі тілдерінің жекелеген элементтерінің дендеп ене бастаған дәуірі десек әбден болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қамбарбекова Г.А. Мехман-Наме-и Бухара шығармасының зерттелуі және оның қазақ тіліне аударылу мәселелері // Известия НАН. Часть 2. Серия общественных наук. – 2011. – С. 42–47.
2. Eraslan K. Dîvân-ı hikmet. islâm ansiklopedisi. – İstanbul: Türkiye Diyanet Vakfı, 2012. – S. 429–430.
3. Köprülü M.F. Ahmed Yesevî. İslâm ansiklopedisi. 1. cilt. – İstanbul: Millî Eğitim Basımevi, 1993. – S. 210–215.
4. Tulum M.M. Dîvân-ı hikmet: Hikmetler mecmuası – Mısır Nüshası 1650. – İstanbul: Ketebe Yayınevi, 2019. – 350 s.
5. Құрышжанов Ә. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, 2011. – 614 б.

6. Köprülü M.F. Türk edebiyatında ilk mutasavvıflar. – Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, 1976. – 560 s.
7. Erhan A. Ahmed Yesevi üzerinde bir bibliyografya denemesi // Bir Türk Dünyası İncelemeleri. – 1995. – №3. – S. 3–32.
8. Bozkurt B. Ahmed Yesevi bibliyografyası: Türkiye’de Yesevi ile İlgili Çalışmalara Dair Değerlendirmeler // Turkish Studies International Periodical for the Languages, Literature and History of Turkish or Turkic. – 2016. – Volume 11/17 Fall. – S. 283–335.
9. Hasan N. Batı’da Yesevîlik çalışmaları // Türk Kültürü me Hacı Bektaş Velî Araştırma Dergisi. – 2012. S.: 61. – S. 151–168.
10. Vámbéry Á. Čagataische sprachstudien. – Leipzig, 1867. – 368 s.
11. Akün Ö.F. Mehmed Fuad Köprülü / İslâm Ansiklopedisi, 28. cilt. – İstanbul: Millî Eğitim Basımevi, 2003. – S. 471–486.
12. Köprülü M.F. Türk edebiyatı tarihi. – İstanbul: Ötüken Neşriyatı, 1980. – 550 s.
13. Menzel T. Die ältesten türkischen mystiker // Zeitschrift der Deutschen Morgenländischen Gesellschaft, cilt 79, Halle: Universitäts-und Landesbibliothek Sachsen-Anhalt, 1925. – S. 268–279.
14. Кононов А.Н. Предисловие к книге Э. Наджипа «Исследования по истории тюркских языков XI–XIV вв.». – М.: Наука, 1989. – 291 с.
15. Рустамов Э. Ахмад Яссави хикматларида тарих ва хаёт садоси // Ўзбек тили ва адабиёти. – 1972. – №4–5. – С. 75–78.
16. Macit M. Divan-ı hikmet. Türk dünyası ortak edebiyatı, Türk dünyası edebiyat kavramları ve terimleri ansiklopedik sözlüğü. 2. cilt. – Maltepe-Ankara: Atatürk Kültür Merkezi Yayını, 2003. – 520 s.
17. Наджип Э.Н. Кипчакско-огузский литературный язык Мамлюкского Египта XIV века: Автореф. дисс. ... докт.филол.наук. – М., 1965. – 9 с.
18. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.
19. Боровков А.К. Очерки по истории узбекского языка (определение языка хикматов Ахмада Ясеви) // Советское Востоковедение. V часть. – Москва-Ленинград: Издательство Академии Наук СССР, 1948. – С. 229–250.
20. Маллаев Н. Ўзбек адабиёти тарихи. – Тошкент: Ўқитувчи нашриёти, 1965. – 659 б.
21. Kabaklı A. Türk edebiyatı tarihi. C. 2. – İstanbul: Türk Edebiyatı Vakfı Yayınları, 1966. – 904 s.
22. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. – 272 б.
23. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Арыс, 2004. – 358 б.
24. Eraslan K. Yesevî'nin Fakr-nâmesi // İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Türk Dili ve Edebiyatı Dergisi. – 1977. – Sayı: 22. – S. 45–120.
25. Güzel A. Ahmed Yesevî'nin Fakr-nâme'si üzerine bir inceleme. – Ankara: Öncü Basımevi, 2008. – 414 s.
26. Eraslan K. Ahmed Yesevi ve Divan-ı hikmeti // Türk edebiyatı özel sayısı. – 1989. – Sayı: 192. – S. 13–14.
27. Eraslan K. Ahmed Yesevi'nin hayatı // Türk edebiyatı özel sayısı. – 1989. – Sayı: 192. – S. 37–43.
28. Eraslan K. Ahmed Yesevi. İslam ansiklopedisi. 2. cilt. – Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı, 1989. – S. 159–161.
29. Eraslan K. Hoca Ahmed Yesevi ve Emir Timur hakkında bir belge // Hacettepe Üniversitesi Türkiyat araştırmaları. – Ankara, 2010. – S. 353–448.
30. Eraslan K. Ahmed Yesevi Dîvân-ı hikmet'ten seçmeler. – Ankara: T. C. Kültür Bakanlığı Yayınları, 2000. – 504 s.
31. Helilili M. Divan-ı hikmet'in uygurlar arasında bulunan nüshaları / Uluslararası geçmişten geleceğe Hoca Ahmed Yesevi sempozyumu. – İstanbul 26-28 Eylül 2016. C. 2. – S. 867–880.
32. Ишмухамедова М. «Девони хикматнинг» кулѳзмалари: Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Тошкент, 1995. – 22 б.
33. Кадырова Л. Лексико-семантические и стилистические особенности хикметов Ахмада Ясави (по Казанским изданием): дисс. ... канд. филол. наук. – Казань, 2002. – 26 б.
34. Caferoğlu A. Türk dili tarihi. I-II. cilt. – İstanbul: Enderun Kitabevi, 1984. – 215 s.

35. Ercilasun A.B. Başlangıçtan yirminci yüzyıla türk dili tarihi. – Ankara: Akçağ Yayınları, 2004. – 486 s.
36. Akar A. Türk dili tarihi. – İstanbul: Ötüken neşriyat, 2016. – 336 s.
37. Турсунов У., Урунбоев Б., Алиев А. Ўзбек адабий тили тарихи. – Тошкент: Адабиот ва санаат нашрияти, 1989. – 282 б.
38. Мухтаров А., Санақулов У. Ўзбек адабий тили тарихи. – Тошкент: Укитивчи, 1995. – 159 б.
39. Турсунов У., Урунбоев Б., Алиев А. Узбек адабий тили тарихи. – Тошкент: Адабиот ва санаат нашрияти, 1995. – 320 б.
40. Сибгатуллина Ә. Илаһи ғашыйқлар юлынан (суфичылык турында очерклар). – Казань: Кыйбла нешерияты, 1999. – 144 б.
41. Сибгатуллина Ә. Татар әдәбиятында суфичылык (чыканаклар, тематика хәм жанр үзенчлеклере): дисс. ... канд. филол. наук. – Алабуга, 2000. – 381 с.
42. Сыздықова Р. Ясауи хикметтерінің тілі. – Алматы: Ел-шежіре, 2004. – 664 б.
43. Қоңыратбаев Ә. Көне мәдениет жазбалары. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 146 б.
44. Боровков А.К. Очерки по истории узбекского языка (определение языка хикметов Ахмада Ясеви) // Советское востоковедение. – 1948. – №5. – С. 229–250.
45. Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерлер. – Алматы: Алатау, 2005. – 490 б.
46. Kaymaz Z. Noca Ahmet Yesevi'nin hikmetlerindeki oğuz türkçesi unsurları // Türk dünyası araştırmaları. Ağustos. – 2002. – Sayı: 139. – S. 155–162.
47. Utebekov S. Divân-i Hikmet'in Kökşetav Nüshasında Anlam Alanları Açısından Türkçe Kökenli İsimlerin Değerlendirilmesi // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №2 (124). – S. 58–78.

REFERENCES

1. Qambarbekova G.A. Mehman-Name-i Buhara shygarmasynyn zerttelui jane onyn qazaq tiline audarylu maseleleri [The study of Mehman-Name-i Bukhara and the problems of its translation into the Kazakh language] // Izvestia NAN. Chast 2. – Almaty: Seria obshestvennyh nauk. – 2011. – S. 42–47. [in Kazakh]
2. Eraslan K. Divan-i hikmet [Diwan-i hikmet]. Islam ansiklopedisi. C. 9. – Istanbul: Türkiye Diyanet Vakfy, 2012. – S. 429–430. [in Turkish]
3. Koprulu M.F. Ahmed Yesevi [Ahmet Yesevi]. Islam ansiklopedisi. 1. cilt. – Istanbul: Milli Egitim Basymevi, 1993. – S. 210–215. [in Turkish]
4. Tulum M.M. Divan-i hikmet: Hikmetler meymuasy – Mysyr Nushasy 1650 [Diwan-i Hikmet: The Journal of Wisdom – Egyptian Copy 1650]. – Istanbul: Ketebe Yaiynevi, 2019. – 350 s. [in Turkish]
5. Quryshjanova A. Til tarihy turaly zertteuler [Studies on the history of language]. – Almaty: Qazaq Memleketik Qyzdar Pedagogikalyq Universiteti, 2011. – 614 b. [in Kazakh]
6. Koprulu M.F. Turk edebiyatynda ilk mutasavvyflar [The first mystics in Turkish literature]. – Ankara: Turk Tarih Kurumu Basymevi, 1976. – 560 s. [in Turkish]
7. Erhan A. Ahmed Yesevi uzerinde bir bibliyografya denemesi [A bibliography essay on Ahmed Yesevi] // Bir Turk Dunyasy Injelemeleri. – 1995. – №3. – S. 3–32. [in Turkish]
8. Bozkurt B. Ahmed Yesevi bibliyografyasi: Turkiye'de Yesevi ile ilgili chalyshmalara dair degerlendirmeler [Ahmed Yesevi Bibliography: Evaluation of Studies Related to Yesevi in Turkey] // Turkish Studies International Periodical for the Languages, Literature and History of Turkish or Turkic Volume 11/17 Fall, 2016. – S. 283–335. [in Turkish]
9. Hasan N. Baty'da Yesevilik chalyshmalary [Yesevi studies in the West] // Turk kulturu ve Hajy Bektash Veli arashtyrma dergisi. – 2012. – S.: 61. – S. 151–168. [in Turkish]
10. Vambery A. Chagataische sprachstudien [Chagatai language studies]. – Leipzig, 1867. – 368 s. [in German]
11. Akun O.F. Mehmed Fuad Koprulu [Mehmed Fuad Koprulu] // Islam ansiklopedisi, 28. jilt. – Istanbul: Milli Egitim Basymevi, 2003. – S. 471–486. [in Turkish]
12. Koprulu M.F. Turk edebiyaty tarihi [Turkish literature history]. – Istanbul: Otuken Neshriaty, 1980. – 550 s. [in Turkish]

13. Menzel T. Die ältesten türkischen mystiker [The oldest Turkish mystics] // Zeitschrift der Deutschen Morgenlandischen Gesellschaft, cilt 79, Halle: Universitäts-und Landesbibliothek Sachsen-Anhalt, 1925. – S. 268–279. [in German]
14. Kononov A.N. Predisloviye k knige E.Nadjipa «Issledovania po istorii tiurkskih iazykov XI–XIV vv.» [Preface to the book by E. Najip “Studies on the history of the Turkic languages of the XI–XIV centuries”]. – M.: Nauka, 1989. – 291 s. [in Russian]
15. Rustamov E. Ahmad Yassavi hikmatlarida tarix va hayot sadosi [The sound of history and life in the wisdom of Ahmed Yassavi] // «Uzbek tili va adabiyoti». – 1972. – №4-5. – S. 75–78. [in Uzbek]
16. Majit M. Divan-i hikmet [Diwan-i hikmet] // Turk duniasy ortak edebiyati, Turk duniasy edebiyat kavramlari va terimlari ansiklopedik sozluhu. 2. jilt. – Maltepe-Ankara: Ataturk Kultur Merkezi Yaiyny, 2003. – 520 s. [in Turkish]
17. Nadjip E.N. Kipchaksko-oguzskiy literaturniy iazyk Mamliukskogo Egipta XIV veka [Kipchak-Oguz literary language of Mamluk Egypt of the 14th century]. – Avtoref. diss. ... dokt. filol. nauk. – M., 1965. – 9 s. [in Russian]
18. Jubanov Q. Qazaq tili jonindegi zertteuler [Studies on the Kazakh language]. – Almaty: Memleketтик tildi damyту instituty, 2010. – 608 b. [in Kazakh]
19. Borovkov A.K. Ocherki po istorii uzbekskogo iazyka (opredelenie iazyka hikmatov Ahmada Yasevi) [Essays on the history of the Uzbek language (definition of the Hikmat language by Ahmad Yasevi)] // Sovetskoe Vostokovedenie. V chast. – Moskva-Leningrad: Izdatelstvo Akademii Nauk SSSR, 1948. – S. 229–250. [in Russian]
20. Mallaev N. Uzbek adabiyoti tarihi [History of Uzbek literature]. – Toshkent: Uqituvchi nashrioti, 1965. – 659 b. [in Uzbek]
21. Kabakly A. Turk edebiyati tarihi [History of Turkish literature]. C. 2. – Istanbul: Turk Edebiyatı Vakfy Yayinlari, 1966. – 904 s. [in Turkish]
22. Aidarov G., Quryshjanov A., Tomanov M. Kone turki jazba eskertkishterinin tili [The language of ancient Turkic written monuments]. – Almaty: Mektep, 1971. – 272 b. [in Kazakh]
23. Qaydar A., Orazov M. Turkitanuga kirispe [Introduction to Turkic studies]. – Almaty: Arys, 2004. – 358 b. [in Kazakh]
24. Eraslan K. Yesevi'nin Fakr-namesi [Fakr-names of Yesevi] // Istanbul Universitesi Edebiyat Fakultesi Turk Dili ve Edebiyatı Dergisi. – 1977. – Sayı: 22. – S. 45–120. [in Turkish]
25. Guzel A. Ahmed Yesevi'nin Fakr-name'si uzerine bir injeleme [A Study on Ahmed Yesevi's Fakr-name]. – Ankara: Onju Basymevi, 2008. – 414 s. [in Turkish]
26. Eraslan K. Ahmed Yesevi ve Divan-i hikmeti [Ahmed Yesevi and Diwan-i hikmet] // Turk edebiyati ozel saisy. – 1989. – Sayı: 192. – S. 13–14. [in Turkish]
27. Eraslan K. Ahmed Yesevi'nin hayati [Ahmet Yesevi's life] // Turk edebiyati ozel saisy. – 1989. – Sayı: 192. – S. 37–43. [in Turkish]
28. Eraslan K. Ahmed Yesevi. Islam ansiklopedisi [Ahmed Yesevi. Islamic encyclopedia]. 2. jilt. – Ankara: Turkiye Diyanet Vakfy, 1989. – S. 159–161. [in Turkish]
29. Eraslan K. Hoca Ahmed Yesevi ve Emir Timur hakkynda bir belge [A document about Hoca Ahmed Yesevi and Emir Timur] // Hajettepe Universitesi Turkiyat arashtyrmalary. – 2010. – S. 353–448. [in Turkish]
30. Eraslan K. Ahmed Yesevi Divan-i hikmet'ten sechmeler [Selections from Ahmed Yesevi Divan-i Wisdom]. – Ankara: T. J. Kultur Bakanlygy Yaiynlari, 2000. – 504 s. [in Turkish]
31. Helilili M. Divan-i hikmet'in uygurlar arasynda bulunan nyshalary [Copies of Divan-i Wisdom among the Uyghurs] // Uluslararası gechmishten gelejege Hoja Ahmed Yesevi sempoziumu. – Istanbul 26-28 Eylul 2016. – C. 2. – S. 867–880. [in Turkish]
32. Ishmuhamedova M. «Devoni hikmatning» kuliozmalari [Manuscripts of Devoni Hikmat]: Avtoref. diss. ... kand. filol. nauk. – Toshkent, 1995. – 22 b. [in Uzbek]
33. Kadirova L. Leksiko-semanticheskie i stilisticheskie osobennosti hikmetov Ahmada Yasavi (po Kazanskim izdaniyam) [Lexico-semantic and stylistic features of the Khikmets of Ahmad Yasawi (according to the Kazan edition)]: diss. ... kand. filol. nauk. – Kazan, 2002. – 26 s. [in Russian]
34. Jaferoglu A. Turk dili tarihi [Turkish language history]. I-II. jilt. – Istanbul: Enderun Kitabevi, 1984. – 215 s. [in Turkish]

35. Erjilasun A.B. Bashlangychtan iyrminci yuziyla turk dili tarihi [Turkish language history from the beginning to the twentieth century]. – Ankara: Akchag Yaiynlary, 2004. – 486 s. [in Turkish]
36. Akar A. Turk dili tarihi [Turkish language history]. – Istanbul: Otuken neshriyat, 2016. – 336 s. [in Turkish]
37. Tursunov U., Urunboev B., Aliyev A. Uzbek adabi tili tarihi [History of Uzbek literary language]. – Toshkent: Adabiot va sanat nashriaty, 1989. – 282 b. [in Uzbek]
38. Muhtarov A., Sanaqulov U. Uzbek adabi tili tarihi [History of Uzbek literary language]. – Toshkent: Uqitivchi, 1995. – 159 b. [in Uzbek]
39. Tursunov U., Urunboev B., Aliyev A. Uzbek adabi tili tarihi [History of Uzbek literary language]. – Toshkent: Adabiot va sanat nashriaty, 1995. – 320 b. [in Uzbek]
40. Sibgatullina A. Ilahi gashyklar iulyn (sufichylyk turynda ocherklar) [From the path of divine lovers (essays on sufism)]. – Kazan: Kybla neshriaty, 1999. – 144 b. [in Tatar]
41. Sibgatullina A. Tatar adabiatynda sufichylyk (chykanaklar, tematika ham janr uzenchleklere) [Sufism in Tatar literature (elbows, themes and genre features)]: diss. ... kand. filol. nauk. – Alabuga, 2000. – 381 s. [in Tatar]
42. Syzdyqova R. Yasau hikmetterinin tili [The language of Yasawi wisdom]. – Almaty: «El-shejire», 2004. – 664 b. [in Kazakh]
43. Qonyratbaev A. Kone madeniet jazbalary [Ancient culture records]. – Almaty: Ana tili, 1991. – 146 b. [in Kazakh]
44. Borovkov A.K. Ocherki po istorii uzbekskogo iazyka (opredelenie iazyka hikmetov Ahmada Yasevi) [Essays on the history of the Uzbek language (definition of the Hikmet language by Ahmad Yesewi)] // Sovetskoe vostokovedenie. – 1948. – №5. – S. 229–250. [in Russian]
45. Kelimbetov N. Ejelgi adebi jadigerler [Ancient literary relics]. – Almaty: Alatau, 2005. – 490 b. [in Kazakh]
46. Kaymaz Z. Hoja Ahmet Yesevi'nin hikmetlerindeki oguz turkchesi unsurları [Oghuz Turkish elements in the wisdom of Hoca Ahmet Yesewi] // Turk duniasy arashtyrmalary. Augustos. – 2002. – Sayı: 139. – S. 155–162. [in Turkish]
47. Utebekov S. Divan-i Hikmet'in Kokshetav Nushasynda Anlam Alanlary Achysyndan Turkche Kokenli Isimlerin Degerlendirilmesi [Names of Turkish Origin in Terms of Meaning Fields in the Kokshetav Copy of «Divân-ı Hikmet»] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2022. – №2 (124). – S. 58–78. [in Turkish]